

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ МӘТИНДЕРДІҢ (FTM) ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ТЕРМИНДЕНУ ЖҮЙЕСІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ТӘСІЛІ

Егеменді қазақ елінің әдеби тілінің негізгі көрсеткішінің бірі ғылым тілі екендігі дау туғызыбайды, ал ғылымның негізгі тірепті, “...ғылым тілінің жон арқасы” деп академик Ә.Айтбайұлы терминологияны атайды: “*Терминология – ғылым мен техника тілін дамытатын лексиканың бірден-бір күрделі қабаты*” [1, 121].

1924 жылы Орынборда болған қазақ оқымыстыларының съезіндегі макұлданған негізгі ұстанымдардың бірі «Термин ретінде осы ұғымға сай мағыналы қазақ сөзін алу» деген ұстаным болған еді. Демек ғылыми терминдер – пән сөздерін

іздестіргенде бірден-бір сүйенер негіз – қазақ тілінің төл сөздері екендігіне баса назар аударылған. Сол сияқты термин түзуде туыстас түркі тілдерінің сөздік қорына сүйену керектігін де назардан тыс қалдырмаған. Бұл – қазіргі кездегі жетекші терминолог ғалымдарымыздың ұстанатын принциптері (Ә. Қайдар, Ә. Айтбаев, Ә. Жұнісбек, Б. Қалиев, Ш. Құрманбай, С. Ақаев т.б. еңбектері).

Қазақ ғылым тілінің толық қалыптасуына тікелей әсер етуші фактор ретінде терминдердің дұрыс жасалуы оның өміршенідігінің кепілі

екендігін профессор К. Хұсайын балайша түйіндейді: “Тілді зерттеудің, дамытудың теориялық негізі тіл білімі болса, осы тіл біліміндегі мемлекеттік тілдің оміршөндігін қамтамасыз етуге жауапты саланың бірі – терминология” [2, 44].

“Қазақ грамматикасында” лексика-семантикалық тәсіл балайша сипатталады: “Лексика-семантикалық тәсілде сөздің құрамы, тұлғасы ешбір өзгеріске түсіпейді, өзгеріс тек сөздің магынасында ғана болады. Сөз дыбыстық, морфемдік құрамын сақтай отырып, тілдегі бұрын қолданылып жүрген магынасының орнына жаңа магына қосып алады да, тілде жаңа магынасында қолданыла бастайды” [3, 207].

Терминолог-ғалым Ш.Құрманбайұлы “Қазақ лексикасының терминдену үрдісі” атты жұмысында қазіргі қазақ тіліндегі терминология саласының жағдайы жайлы егжей-тегжейлі зерттеу жүргізген. Автор термин сөз бен оның жасалуына негіз болған термин емес сөздің мағыналарын құрайтын ортақ семаларды анықтауға болады, ал семалар ортақтығы термин сөз бен оның жасалуына негіз болған жалпы қолданыстағы сөз мағыналарының арасындағы байланысты көрсетеді деген пікір айтады [4, 65].

Осы ретте зерттеушінің талдаған жалғау сөзіне токталсак, жалпы қолданыста жалғау деп “бір жінке септелеңтін екінші жілтің үзігін” айтса, тіл білімінде “сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді жалғастырып, сөз өзгеріп тұратын қосымшаны жалғау дейді” деп келтіреді. Ал біздін қарастыратын мөтіндерімізде нақ осы сөз “абонент пен абонентті қосу – жалғау (коммутация)” мағынасын беретін атап ретінде қолданылып жүр. Демек жалғау сөзі тіл білімі термині ретінде де, техника саласы термині ретінде де өзінің о бастағы беретін мағынасына негізделіп жасалынғаны анғарылады.

Семантикалық тәсіл бойынша жасалған терминдер біз талдайтын оқулықтарда да кездеседі. Мысалы, қазір энергетика және байланыс салаларындағы әдебиетте жиі қолданылатын көз сөзі “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде” 9 түрлі мағынада қолданылатыны көрсетіледі. Соның біріншісі ғана оның тұра мағынасы – көру мүшесі. Ал қалған сегізі ауыспалы мағынада қолданылады:

2. Әсемдеп жасалған дөнгелек, ою-өрнек, шенберлі әшекей.
3. Бір нәрсенің өзі: “Нанбасаң сұра, көзі тұрғой”.
4. Өткенде болған (өкемнің көзі)
5. Картоп көзи.
6. Иненің тесігі.

7. Кереге және торлы заттардың тесігі.
8. Белгілі бір нәрсенің алынатын орны, қоры.
9. Бұлақтың қайнаң шығар жері [5, 97].

Ал академик Ә. Қайдардың пайымдауынша, бұл сөздің қолданылу аясы бұл көрсетілгеннен әлдеқайда көп. Ол кісі 2003 жылдың 6 мамырында А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында өткен семинарда “Этнолингвистика” тақырыбына жасаған баяндамасында **көз** сөзі 160 мағынада қолданылады деп айтты.

Осы көз сөзі біздің қарастыратын мәтіндерімізде ауыспалы мағынада, нақты айтқанда “белгілі бір нәрсенің алынатын орны, қоры” деген мағынада қолданылатынын мына мысалдардан анық байқауға болады.

“Ол электр жүйесіндегі **ток көзінің** өзгеруіне (мысалы, кешкісін көшілік электр аспаптарын жаптай қосқанды көрнеудің шамасы да тәмендейді) т.б. жағдайларға байланысты” [7, 88].

Осы жағдайда қүшеткіш схемасындағы, оны **коректену көзінے** қосқандығы токтар мен көрнеулерді алғашқы кішкене өзгерістері сигнал амплитудаларының дамыған түрде, белгіленген жисілікте кіріс пен шығыста ұлғаюына әкеп согады [6, 57].

“Кезекті әріпті кодалау **хабар көзінен** логикалық Иі схемасына импульсты және импульстік **корек көзінен** (ИКК) импульс беруден басталады” [8, 72].

Желі сөзіне ҚТТС-те мынадай түсініктер беріледі:

Желі – зат. 1. Мал сауған кезде төлдерді (кулын, бұзау, қозы-лақ) байлау үшін екі қазыққа кере тартып байлаған арқан.

“Шоқан жылқының, желідегі құлыштардың суретін салып, ермек етіп жүрді”.

1. Ауыспалы. Бір нәрсенің ұзын ырғасы, бір-бірімен байланыстылығы, сабактастығы.

2. Ауыспалы. Тех. Жүйе, торап.

Демек “Түсіндірме сөздікте” “ауыспалы мағына” деп беріліп тұрғаны радиотехника саласындағы жаңа қолданысына сәйкес терминденген сөз. Яғни тілде бұрыннан бар сөздің үксас мағынасы ассоциациянып, таным арқылы жаңғыран. Мысалы:

“Енді осы **электр желісінің** жүйесіне трансформатор қоссақ, қойылған сұрақтарымыздың бәрінен жауап аламыз ” [ТЭ, 84-85].

Енді **кесте** сөзінің терминденуіне назар аударсак:

Кесте. 1 зат – Мата бетіне түрлі-түсті жіппен тоқыған, тіккен әшекейлі өрнек (жібек кесте ...)

Кесте. 2 зат – Бір нәрсе жөнінде графаға түсіріп жазылған мәлімет (сабак кестесі) [5, 655].

“Жазылған кесте бойынша қарастырылып отырган схеманың қандай функция атқаратынын табу қын емес” [7, 12].

Көріп отырғанымыздай, ғылыми-техникалық мазмұнды мәтіндерде кесте сөзі екінші мағынасында жұмсалады екен.

Енді техника саласында жі қолданылатын **жоба** сөзіне келсек, ол ҚТТС-де байлайша сипатталған:

Жоба зат. 1. Бір нәрсені іске асыру үшін жасалған үлгі, жоспар, нұсқа.

2. Тұр, кескін, пішін: *Айнала біткен жау жобасы*.

Бізге керегі **жоба** сөзінің бірінші мағынада қолданылуы, яғни белгілі бір техникалық құрылғыны жасау үшін алдымен оның үлгісін – жобасын дайындау алу қажет болады.

Бұл сөз ҚТТС-де 1-мағынасында қолданылады екен:

“Желі құруды қаржыландырган АҚШ Қорғаныс министрлігінің перспективті жобаларды зерттеу агенттігі болды...”

Енді өте жі қолданылатын **жүйе** сөзін ҚТТС қалай сипаттаған екен?

Жүйе зат. 1. Сала, тарау; желі.

1. Жөн, рет, тәртіп (сөз жүйесі).

Біздің қарастыратын мәтіндерімізде “жүйе” сөзінің ҚТТС-те көрсетілген 1-ші мағынасы жи кездеседі. Мысалы:

“Импульсті кодалық модуляция (ИКМ) жүйесі 1940 жылдары радиолокация саласында қарқынды дамыды” [39, 21].

Осы секілді қазақ табиғатына жақын *өріс* сөзі қазір ғылымның бірнеше саласында, атап айтқанда физика (магнит өрісі), тіл білімінде (семантикалық өріс) қолданыла береді. Бұл сөзге ҚТТС-те мынадай түсінік берілген:

Өріс. Зат. Ауыл маңынан шалгайлау, оты мол мал жайылымдық жер.

2. Ауыспалы. Білім дәрежесі, дүние танымы.

3. Ауыспалы. Үрім-бұтақ, жеккжат.

Ал қазіргі кезде физика, математика, тіл білімінде терминдік тіркес құрамында келетін *өріс* сөзі таралу аясы деген мағынада қолданылады.

“Мектеп физикасын еске түсірсек, трансформатор дегеніміз – магнитті байланысы бар магнит өрісінің әсерін күшейту үшін магнит өзегі орнатылған сым орамдарынан тұратын құрылғы” [7, 85].

“Терминологиялық өріс – терминнің омір сүру аймагы” [4].

Терминологиямен айналысадын ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, терминдердің қолданысында жарыспалылықтың болуы жағымсыз нәрсе, өйткені бір ұғымның әртүрлі атапуы қабылдаушыны шатастыруы, сөйтіп түсінктілік деңгейін төмendetуі мүмкін. Бұндай пікірді ағылшын және орыс тілдеріндегі радиотехника терминологиясы жайлы мақаласында Г. Г. Лысакова айтса, қазіргі қазақ терминологиясымен айналысып жүрген терминолог-ғалым Ш. Құрманбайұлы “Қазақ терминологиясындағы вариантылықтын сырты неде”? “Терминологияны біріздендіру мәселесі” деген мақалаларында терминдердің жарыспалы қолданылуы тілдік жүйеге тән құбылышы, алайда ол термин жүйесін қалыптастырудың алғашқы кезеңінде ғана болуы керектігін айтады: “Терминдерді біріздендіру жұмысы дер кезінде жүргізіліп отырмаса, гылым тілінде, терминологияда ретсіздік орын алады”.

Қазіргі кезде қолда бар аз ғана оқулықтардың өзінде терминдердің жарыспалы қолданылуы кездесіп қалады. Мысалы, жоғарыда келтірілген Ә. Беріковтің оқулығында **Вин өткелі** деп қолданылса, Нұрмановтың оқулығында **Вин көпірі** деп қолданылған:

“Осындағы талапқа жауап берे алатын қарастайтын тізбектердің қатарына 3.24, а-суретте келтірілген Вин өткелі (мост Вина) жатады” [7, 115].

Осы айтылған жағдайлар **Вин көпірінің** амплитудалы – жисіліктік және фазалы – жисіліктік сипаттамаларынан да [51-сурет] көрініп түр [6, 62-63].

Откел сөзіне ҚТТС-те берілген түсінікке жүгінейік:

Откел. Зат. 1. Судан (өзеннен) кешіп, арғы бетке өтетін таяз жер.

2. Ауыспалы. Ауыр жағдай, қын іс.

Яғни, мамандар (электроника саласының) осы атаудың беретін ұғымын ескере отырып, көпір немесе откел деп біріздендірген дұрыс. Бұл оқулықтардан бірнеше жылдан соң шыққан “Терминологиялық сөздікте” (6-том) “Мост – көпір” деп берілуі де алдағы уақытта бұл сөздін қолданысын жүйелеуге септігін тигізері анық.

Демек окушыларымыздың түсінігіне қындық келтірмеу мақсатында жарыса қолданылып жүрген баламалардың біреуін терминологиялық лексикада тұрақтандыру қажеттігі және бұл үрдіс

казақ тілі корына сүйенуі тиістігі жайлы зерттеуші Ш. Құрманбайұлының пікірі құптарлық: “Тілшілік біріздендіру ісіне жете мән берілуі көрек. Барлық лексикалық қабаттарды терминологияны қалыптастырудың ішкі көзі ретінде, ал сөзжасам, терминжасам тәсілдерін тіліміздегі термин жасаудың жослы ретінде көсіби шеберлікпен пайдалану арқылы гана ғылыми-техникалық терминдер қорын ұлттық, тіл негізінде қалыптастыра аламыз”

Осы тұста Ш. Құрманбайұлының компьютердің ажырамас белігі – мыш – мышқан делініп жүрген атауды Қытай қазактарының *тінтуір* деп қолданатыны, бұл сөздің осы құрылғы қызметтінің ұғымын толық беретіні жайлы келтірген дәлелі арқылы көз жеткізіп, осы пікірді қостауға болады.

Демек терминдердің жасалуының алғашқы кезеңінде олардың жарыспалы қолданылуы әр тілде де кездесетін құбылыс еken, алайда оларды біртіндеп бір жүйеге салып, біріздендіру – терминология тұрғысынан қадағалауды қажет ететін процесс.

Демек ғылымның көптеген салалары бойынша жүргізілетін ғылыми зерттеулерде, окулыктар жазу барысында қолданатын термин сөздер мен сөз тіркестерін барынша ойластырып, сұрыптап барып пайдаланған абзаз, сонда ғана олар ғылыми айналымға еніп, туракты қолданыска түсе алады.

Тілімізде бұрыннан қолданыста бар, белгілі бір ұғымның атауы ретінде қалыптасадан сөздер қазіргі ғылыми-техникалық дамудың нәтижесінде өмірімізге еніп келе жатқан жаңа ұғымдардың

атауы болып қалыптасуы олардың аткаралықтын кызметтерінің ұқастығына негізделеді. Мысалы, тұра мағынасындағы *желі* сөзі мал шаруашылығымен айналысқан әр қазакқа қандай ұғынықты болса, заман ағымына сай хабар жеткізу үшін пайдаланылатын құрылғыны желі деп атауда байырғы қолданыста бар желі сөзінің аткаралықтын кызметті ассоциацияланады. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі FTM-де жиі кездесетін *желі*, *өрнек*, *кесте*, *өріс* сөздерінің де өз оқырманы үшін танымдық маңызы бар екендігі талассыз.

ӘДЕБІЕТ

1. Айтбаев Ө. Ғылым қазақша сөйлер ме? // Тіл майданы. Алматы: Арыс, 2000. Б. 114-126.
2. Ҳусайын К.П. Шетелдердегі терминологиялық зерттеулер нәтижесінен // Терминологиялық хабаршы. 2002. № 1. Б. 44-47.
3. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002.
4. Құрманбайұлы Ш. Қазіргі қазақ терминологиясының міндеттері // Терминологиялық хабаршы. 2002. № 1. Б. 20-30.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 5-том. Алматы: Ғылым, 1980.
6. Нұғманов М.Ш. Автоматиканың электрондық құрылышы. Алматы, 1993. 126 б.
7. Берікұлы Ә. Техникалық электроника. Алматы: Білім, 1995.
8. Ниеталин Ж. Электрлік байланыс теориясы: Окулық. Алматы, 1994. 243 б.
9. Құрманбайұлы Ш. Терминологияның біріздендіру мәселесі // Терминологиялық хабаршы. № 3. Б. 20-25.

Резюме

Семантический способ терминообразования в научно-технических текстах представлена как одним из средств когнитивно-познавательной деятельности человека.